

**Балқаш ауданы Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінің
педагог-дефектологы Г.К.Журкабаеваның есебі**

Педагог-дефектологтың 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қазан айының 1-15 аралығында диагностикалық бағытта жұмыстар жүргізілді. ОМПК тұжырымдамасы бар және ата-аналардың сұраныстарына сәйкес 1 сыныпта Әсет Нұрназарға терең психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық тексеруде оқушылардың қоршаған орта туралы түсініктері, ауызша сөйлеу тілі, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу тілі, ұсақ қол моторикасы мен негізгі пәндер бойынша (математика, оқуы мен жазуы) тексерілді. Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын тексеру үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып диктант, көшіріп жазу және мәтінде оқу сияқты тапырмалар берілді.

Тексеру нәтижесінде зияттың жеңіл бұзылысы, жалпы сөйдеу тілінің дамуының 2-ші деңгейі бар 1 оқушы, оқу үлгерімі төмен 11 оқушы педагог-дефектологтың түзете-дамыту сабағына тізімге алынды.


Аталған оқушыларға дефектологиялық тексеру хаттамалары толтырылып, диагностика нәтижелері бойынша жеке дамыту бағдарламалары құрылды.

Сонымен қатар, ОМПК ұсынысы негізінде мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум ұйымдастырылып, құрамы, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Психологиялық-педагогикалық қызметі мамандарының жұмыс кестесіне сәйкес оқушылар аптасына 2 рет педагог-дефектологтың түзете-дамыту сабағына алынды.

Бірінші жартыжылдықта мұғаліміне инклюзивті білім беру жағдайында оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша кеңес берілді.

12.03.2024ж ерекше білім беруді қажет ететін оқшыларға сабақ беретін мұғалімдерге арналған «Білім беру ұйымдарында Инклюзивті білім: теориядан практикаға дейін» тақырыбында Қонаев қаласында Облыстық дөңгелек стол өткізілді. Дөңгелек столға Таубаева Ақтолқын апай қатысты. Дөңгелек стол барысында мұғалімдерге көптеген мағлұматтар айтылып, ЕЕБҚ бар оқушыларға сабақты тиімді ұйымдастыру жолдары ұсынылды.

Педагог-дефектолог:



Г.К.Журкабаева

24.05.2024ж

**Алматы облысы Балқаш ауданы « Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»
МКМ Журкабаева Гаухар Кайратовнаның жарты жылдық рефлексиялық есебі**

Арнайы педагогтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

1-15 қазан аралығында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Оқу жетістіктерінің бланкілері негізгі пәндердің (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) оқу бағдарламаларының мазмұны негізінде жасалды. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы, жылдық жұмыс жоспарлары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға ОПМПК қорытындысы бар 1 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша (7-форма) 1 ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы диагностикаға алынды. Барлығы 11 оқушы арнайы педагогикалық диагностикадан өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) меңгеру деңгейі анықталды, оқу жетістіктерінің карталары

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО»МКМ
2023-2024 оқу жылында үйде оқитын оқушы Әсет Нұрназармен
атқарылған жұмыстың есебі

Сынып: 1

Оқушының аты-жөні: Әсет Нұрназар

Сынып жетекшісі: Тойбаева Галия Куановна

Қорытынды: Зиятының жеңіл бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылуы, жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 2-ші деңгейі.

1-сыныпта бір оқушы, Әсет Нұрназар денсаулығына байланысты үйден оқиды. Оқушының жағдайына байланысты сабақ офлайн форматта аптасына 5 күн үйіне барып өткізілді. Сабақ уақыты 25 минутқа жоспарланған.

Сауат ашу пәнінен I-тоқсанда өзім туралы, менің мектебім, II-тоқсанда менің отбасым және достарым, III-тоқсанда саяхат, Салт-дәстүр. IV-тоқсанда тағам және сусын дені саудың – жаны сау бөлімдері қамтылды. Бағдарлама мақсаты – оқу мен жазудың негізі ретінде дыбысты қәріптік талдау мен синтезді қалыптастыру, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгерту. Бағдарлама міндеттері:

- 1) жазудың функционалды негізін: кеңістікте бағдарлауын, көріп қабылдауын, естіп қабылдауын, ұсақ моторикасын, фонематикалық түсініктерін, графомоторлы дағдыларын қалыптастыру;
 - 2) сөйлеу тілін тыңдауға, мағынасын түсінуге, жеңіл нұсқауларды орындауға үйрету;
 - 3) қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айтуын, ажыратуын қалыптастыру;
 - 4) дыбыстық-әріптік талдауға сүйене отырып, дыбыстарды буынға қосуды қалыптастыру, буындық оқу білігін дамыту;
 - 5) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;
 - 6) әріптерді дұрыс жазуға, оларды буындар мен сөздерге біріктіруге үйрету.
- Математика пәні бойынша: I-тоқсанда өзім туралы, менің мектебім, II-тоқсанда менің отбасым және достарым, бізді қоршаған әлем, III-тоқсанда саяхат салт-дәстүр, мерекелер, IV тоқсанда тағам және сусын, дені саудың – жаны сау бөлімдері қамтылды.

Бағдарлама мақсаты – білім алушыларда әлеуметтік бейімделуіне және дербес еңбек қызметіне дайындалуына ықпал ететін математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық жағдайларда дербес болуға, шаруашылық-еңбек қызметін және қолжетімді мамандықты меңгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушыларда жағымды эмоционалдық-ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3) оқушылардың тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және ұғымдармен байыту;

4) есептерді шешу, геометриялық сызбаларды құрастыру туралы толық ауызша есеп беруге, өз қызметіне түсінік беруге үйрету.

Айналадағы әлем пәнінен I-тоқсанда өзім туралы, менің мектебім, II-тоқсанда менің отбасым және достарым, бізді қоршаған әлем, III-тоқсанда саяхат салт-дәстүр, мерекелер, IV тоқсанда тағам және сусын, дені саудың – жаны сау бөлімдері қамтылды.

Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың табиғат туралы қарапайым түсініктерді игеруі, олардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу; қоршаған ортадағы құбылыстары мен заттарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1) жалпы мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету;

2) қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту;

3) өзге оқу пәндерін игеруге қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;

4) көріп қабыдау, салыстыру, жалпылау, нақтылау, қарапайым тұжырымдар жасай алу, қарапайым себеп-салдарлық байланысты орната алу қабілетін дамыту.

Қол еңбегі пәні бойынша I-тоқсанда өзім туралы, менің мектебім, II-тоқсанда менің отбасым және достарым, бізді қоршаған әлем, III-тоқсанда саяхат салт-дәстүр, мерекелер, IV тоқсанда тағам және сусын, дені саудың – жаны сау бөлімдері қамтылды.

Бағдарлама мақсаты – білім алушыда, әлеуметтік бейімдеуге және өзіндік еңбек іс-әрекетіне дайындауға себептесетін бастапқы технологиялық білім, еңбек біліктілігі мен дағдыларын, еңбекті жоспарлау мен ұйымдастыру тәсілдерін қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда жалпы еңбектік біліктілік пен дағды негіздерін қалыптастыру: жұмыс жоспарын ұстана білу, өзінің іс-әрекетін қадағалау, үлгіге карап жасау, алынған нәтижені бағалау;

2) қол еңбегі дағдыларын басқа сабақтарда, күнделікті өмірде қолдануға үйрету;

3) көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік ойлауын дамыту;

4) еңбексүйгіштікті, бастаған істі соңына дейін жеткізу біліктілігін, ұқыптылықты қалыптастыру.

Қосымша сурет салу, жапсыру, кию жұмыстарын да орындады. Бояу жұмыстарын орындады. Күнделікті сабақ жоспары да жеңілдетіліп жазылды. Тапсырмаларды орындап, қайталап айту арқылы еске түсіріп отырды.


Нұрназардың сабаққа деген ынтасы жақсы. Бірінші сынып материалдарын толық меңгерген жоқ. Күнделікті сабақ оқуға дайын отырады. Әріптерді білмейді, ұмытып қалады. Есте сақтау қабілеті төмен. Суреттер бойынша жақсы жұмыс жасайды. Көп оқығанды ұнатпайды. Кейбір сөздерді анық айта алмайды. Жаза алмайды. Қолдарының икемі келмейді. Денсаулығына байланысты жаза алмайды, тек сабақта мұғалімнің, үйде анасының қолынан ұстауы арқылы әрең жазады.

Нұрназар математика сабағында да қиналады. Қосу, азайтуға берілген тапсырмаларды орындауда қиналады. Мұғалімнің көмегімен орындайды. Цифрларды ажырата алмайды. Ауызша санайды. Жазбаша жаза алмайды. Жазу қабілеті төмен. Оқу дағдысы қалыптаспады.

Өткен сабақтың кейбір жерлерін кейде ұмытып қалады, есте сақтау қабілеті орташа. Оқу үстелінде ұзақ отыра алмайды. Тез шаршайды. Белсенділігі төмен.

Футбол ойнағанды жақсы көреді. Ән тыңдағанды ұнатады.

Жазба жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, яғни Нұрназар жауабын ауызша айтады. Ауызша сабақтарда сұрақтарға жауап береді. Сурет салу, бояу жұмыстарын да мұғалімнің көмегімен орындайды.

Сынып жетекшісі: 

Тойбаева Г.К.